

**Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінде 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 60 жасқа жеткен азаматтардың салымдарына өтем жасау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 мамырдағы N 2988 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Қазақстан Халықтық Банкі мекемелеріндегі халықтың салымдары бойынша шығындарына өтем жасау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметін 1996-1997 жылдарда 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 60 жасқа жеткен азаматтардың Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіндегі салымдарына өтем жасау тапсырылсын.

2. 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1996 жылғы 15 сәуірдегі істегі шоттар бойынша салымдардың барлық түрлері жөнінен қалдықтарға өтем жасалуға тиіс. "Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіндегі салымдарына өтем жасау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2941 Жарлығына сәйкес өтем жасау жүргізілген салымдарға өтем жасалмайды.

3. Өтем жасау екі кезеңде 1996 жылғы 1 қарашадан бастап және 1997 жылғы 1 мамырдан бастап өтемақы сомасынан тең үлеспен жүзеге асырылсын.

4. Өтемақы сомасын есептеу 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1992 жылғы 3 қаңтардағы биржалық бағамы бойынша доллар эквивалентіне қайта есептеу жолымен жүргізілсін. Өтемақы сомалары Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлем жасау сәтіндегі АҚШ долларының ресми бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен Қазақстан Халықтық Банкіндегі істегі жеке шоттарға есептелсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өтемақы сомасы анықталғаннан кейін 1997 жылғы бюджеттің кірістері мен шығыстарында көрсете отырып, қажетті соманы Қазақстан Акционерлік Халықтық Банкінде сақтайтын болсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК